

1993 ЖЫЛҒЫ 28 СӘУІРДЕ МИНСК ҚАЛАСЫНДА ҚОЛ ҚОЙЫЛҒАН ЕЛАБУГА ҚАЛАСЫНДА АВТОМОБИЛЬ ЗАУЫТЫ ҚУАТТАРЫНЫҢ КЕШЕНІН БІРЛЕСІП ҚҰРУ ТУРАЛЫ ҮКІМЕТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 14 сәуір 1994 ж. N 388

Тұтыну нарығын жеңіл автомобильдермен толықтыруға ықпал жасау ниетімен ТМД-ның он мемлекетінің Үкіметтері Елабуга қаласында қол қойған автомобиль зауыты қуаттарының кешенін бірлесіп құру туралы үкіметаралық Келісімді жүзеге асыру мақсатында және меншіктің барлық нысандарындағы әр түрлі қаржыландыру көздерін тарту есебінен Қазақстан Республикасынан құрылтайшылық үлес жарнасын қосуды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазақ КСР-індегі меншік туралы" Қазақ КСР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес:

"Арғымақ" автомобиль корпорациясына мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың, заңды және жеке тұлғалардың қаражатын Ресей Федерациясының Елабуга қаласында орналасқан ЕлАЗ-инвест" мемлекетаралық консорциумының жарғылық қорына қосу үшін тартуға рұқсат етілсін;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кәсіпорындары мен ұйымдары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісе отырып, "ЕлАЗ-инвест" мемлекетаралық консорциумының жарғылық қорын құру үшін "Арғымақ" автомобиль корпорациясы арқылы қаражат қосатын болсын.

"Арғымақ" автомобиль корпорациясына Қазақстан Республикасынан мемлекеттік меншік үлесі мен тартылған жеке меншік капиталды "ЕлАЗ-инвест" мемлекетаралық консорциумының жарғылық қорына қосу құқы берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті "Арғымақ" автомобиль корпорациясына аталған консорциумның жарғылық қорына Елабуга қаласында автомобиль зауыты құрылысын қаржыландыру үшін қосылған мемлекеттік мүлік үлесін, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындардың акциялары мен салымдарының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқын беретін болсын.

3. "Арғымақ" автомобиль корпорациясы:

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шартты негізде Елабуга қаласында автомобиль зауытының құрылысы үшін жасалынған жеке меншік капитал инвесторларының салымдарына кепілші болсын;

"ЕлАЗ-инвест" мемлекетаралық консорциумымен бірлесіп Қазақстан Республикасының аумағында бос өндірістік алаңдар мен жұмыс істеп тұрған қуаттарды пайдалана отырып, жасалынатын автомобиль үшін құрастырушы бұйымдар, шикізат пен материалдар, босалқы бөлшектерді шығару жөніндегі кәсіпорындар мен өндірістер құру бағдарламасын әзірлеп, оны қаржымен қамтамасыз етуді мүдделі министрліктер, ведомстволар, шаруашылық жүргізуші субъектілер және шетелдік инвесторлармен келісетін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Арғымақ" автомобиль корпорациясына Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 20 шілдедегі "Республикалық валюта қорын мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіру туралы" N 1300 қаулысына сәйкес жасалынатын автомобильге арнап республикада құрастырушы бұйымдар өндіру үшін шетелдік инвесторлар тартылған жағдайда Қазақстан Республикасының

кепілдігін беретін болсын.

5. Қазақстан Республикасының министрліктері, ведомстволары, облыстардың, Алматы, Ленинск қалаларының әкімдері "Арғымақ" автомобиль корпорациясының Қазақстан Республикасының аумағында жеңіл автомобильдер өндірісін құруға бағытталған қызметіне көмек көрсететін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі